

**Интернеттегі алаяқтар әл бермей тұр**



**3-БЕТ**

**Әкімшілік сот ісін жүргізуде жазбаша талқылаудың артықшылығы көп**



**6-БЕТ**

**Бес миллиондық кемпір**



**8-БЕТ**



• САРАП

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№78 (3707)  
11 қазан 2024



• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## САҚТАНДЫРУҒА САЛҒЫРТ ҚАРАМАЙЫҚ!



Қазақстанда «Табиғи апаттардан сақтандыру» қорын құру мәселесі қызу талқыланып жатыр. Алайда жаңа қордың қызметіне қатысты әлі де шешімін таппаған түйткілді жайттар жеткілікті болып тұр. Бұл Алматыда өткен «Insurance Forum Almaty – 2024» форумының «Сақтандырудың болашағы: сақтандыру нарығындағы болжамдар мен тенденциялар. Нормативтік міндеттер мен Қазақстандағы сақтандыру нарығын дамыту мүмкіндіктері» деп аталатын бірінші сессияда жан-жақты сөз болды.

(Соңы 5-бетте)

## МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ДАУЛАРЫН ҚАРАУДА БІРІЗДІЛІК ЖОҚ

2020 жылғы 29 маусымда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қабылданып, 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді. Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті – жария-құқықтық қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс талабымен әкімшілік соттар жер қатынастарынан туындаған дауларды, мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы дауларды (ЦОН, архитектура, мем.органдар), сот орындаушылар әрекетіне байланысты, салық және кеден саласындағы, монополияға қарсы саладағы дауларды, сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу саласындағы дауларды қарайды.

Мемлекеттік сатып алу саласы бойынша 2015 жылы 4 желтоқсанда қабылданған «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы, Қаржы министрінің 2015 жылы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 бұйрығы қабылданған. Сонымен бірге, соттар үшін ҚР Жоғарғы Сотының 2022 жылы 21 сәуірде қабылданған «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» №4 нормативтік қаулысы аталған саладағы дауларды қарау кезінде басшылыққа алынады.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамаларда бұл саладағы қарым-қатынастар бойынша туындайтын мәселелер толық қамтылған. 2024 жылы Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында мемлекеттік сатып алу бойынша 38 әкімшілік іс қаралып, 35 іс бойынша шешім қабылданып, 3 іс медиациялық тәртіппен шешімін тапқан.

Шешімін тапқан істердің 61% талап қоюшылар пайдасына шыққан, яғни қойған талаптары қанағаттандырылып, мемлекеттік сатып алу конкурстық комиссияларының хаттамалары заңсыз деп танылып, күші жойылған.

(Соңы 4-бетте)

• АЛТЫН КӨПІР

## РЕЙТИНГ – ДАМУДЫҢ ЖАҢА СТРАТЕГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУДЕГІ МАҢЫЗДЫ ИНДИКАТОР

Астанада Әділет министрлігінің ұйымдастыруымен Азия елдері үшін 2024 жылғы Жаһандық инновациялық индекстің есебін жариялаудың өңірлік рәсімі өтті.

Бұл оқиға Орталық Азия үшін маңызды болды және халықаралық қоғамдастықтың назарын Азия елдерінің инновациялық дамуына аударды. Іс-шараны ҚР Әділет министрлігі Еуразиялық патенттік ұйымының қолдауымен Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (ДЗМҰ) бірлесіп ұйымдастырды.

Рәсімге инновация министрлері, Азия елдерінің патенттік ведомство басшылары, дипломатиялық корпусы, халықаралық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік

және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Рәсімді ашқан ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Үкімет аппаратының басшысы Ғалымжан Қойшыбаев Қазақстанның және бүкіл өңірдің экономикалық өсуі үшін инновацияларды дамытудың маңыздылығын атап көрсетті.

Әділет министрі Азамат Есқараев, ДЗМҰ Бас директорының көмекшісі Марко Алеман, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев, Қазақстан Республикасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымы үйлестірушісінің міндетін атқарушы Скендер Сыла, Қазақстан мен Түрікменстандағы Дүниежүзілік банктің тұрақты өкілі Андрей Михнев құттықтау сөз сөйледі.

(Соңы 3-бетте)





• МІНБЕР

**Қазақстан Республикасы судьяларының басын қосатын, ортақ мәселелерді бірігіп талқылайтын, мақсат-міндеттерді кеңесіп шешетін бірегей алаң саналатын съездердің сот саласын жандандырудағы маңызы зор. Судьялар одағының алғашқы іргетасы да осы Қазақстан Республикасы судьяларының I съезінде қаланған болатын. Міне сол алғашқы съезд ұйымдастырылған 1996 жылдан бүгінгі күнге дейін тоғыз съезд өткен екен. «Теңіз тамшыдан құралады» демекші, бүгінгі сот жүйесінің жетістіктері мен биік нәтижелеріне әр съездің қосқан үлесі қомақты.**

Төрт жылда бір өтетін судьялар қауымдастығының съезі өте маңызы зор басқосу. Әр съезге Мемлекет басшысының арнайы қатысып, соттың кешегісі мен бүгінін салмақтап, келешекке биік міндеттер белгілеуі бұл күні әдемі дәстүрге айналған. Содан болар, съезд болатын уақыт жақындағанда судьялар маңызды басқосуда ҚР Президенті не айтар екен, қандай мәселелерге назар аударып, қандай тапсырмалар жүктер екен деп асыға тосатыны рас. Биылғы съезд де айтары мен берері мол, тағылымды басқосу болды.

Съездердегі көтеріліп, талқыланған өзекті мәселелер бойынша қабылданған қаулылар міндетті түрде орындалады. Республика судьяларының әрбір өткен съезі сот жүйесіне жаңа серпін беріп отырады, еліміздің сот жүйесінде елеулі өзгерістердің орын алуына, билік институтының айтарлықтай дамуына, жалпы сот өндірісінің жаңа деңгейге көтерілуіне негіз береді. Сот жүйесінің мінсіз моделіне қол жеткізу үшін атқарылған өзекті өзгерістер осы басқосуда өз бастамасын табады.

Өзім 1999 жылдан бастап осы сот саласында қызмет атқарғандықтан, сот жүйесіндегі жүргізіліп жатқан бүкіл реформалардың, ауқымды өзгерістердің қалай жүзеге асырылғанын, қандай қиындықтар туындап, оны шешу бойынша көптеген ізденістер мен ірікістер кездескенін жете біліп, сезініп келдім.

Биыл алғаш рет Қазақстан Республикасы судьяларының IX съезіне делегат ретінде қатыстым. Делегаттар съезге әр өңірдегі Судьялар одағы филиалдарының конференциясында сайланады. Сондықтан, әр судья үшін осы терең тандаудан өтіп, съезге қаты-

## СЪЕЗД – СЫНДАРЛЫ ПІКІР, САПАЛЫ БАСТАМАЛАР АЛАҢЫ



су үлкен мәртебе. IX съезде көпшілік назарына ұсынылған судьялардың Әдеп кодексі қабылданғанға дейін бірнеше жаңғыртудан өтті. Сот корпусының дұрыс қалыптасуы, Қазақстан Республикасының атынан сот билігін жүзеге асыратын судьялардың сапалы таңдалып, тағайындалуы – судьялар қауымдастығының алдына қойылған мемлекеттің ең басты бағытының бірі болғандықтан, Әдеп кодексі арқылы соттың беделін көтеріп, сот қауымдастығына кездейсоқ келгендерді іріктеуге негіз жасалды.

Судьялардың жаңа Әдеп кодексінің

жобасын дайындау ерекше өтті. Бұл маңызды құжатты сапалы дайындау мақсатында Судьялар одағының Орталық Кеңесінде арнайы жұмыс тобы құрылып, оның құрамына әр өңірден белсенді судьялар енгізілді. Бір жыл ішінде осы жұмыс тобының бірнеше кездесуі өтіп, кодекс жобасы қызу талқыланды. Жұмыс тобы кодексті толыққанды дайындау үшін судьялардың көптеген ұсыныстарын жинақтап, олардың құжат барысында ескерілуіне мұрындық болды. Мен өзім Қызылорда облысы судьялары қауымдастығы атынан сол жұмыс тобының құрамын-

тиімді, заманауи тәсілдермен қорғау қажет. Осы съезде Республика Президенті сот саласындағы кешенді реформалау ісіндегі жетістіктерге тоқталып, соның ішінде жаңадан құрылған Конституциялық Сот пен Әкімшілік әділет институтының қызметін лайықты атап өтті.

Сот жүйесі үлкен сенімге ие болып, озық әлемдік стандарттарға сәйкес келуі үшін осыдан үш жыл бұрын әкімшілік әділет институты қолға алынып, оның жұмысын заңдық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Әкімшілік

Мен өзім республикада мамандандырылған әкімшілік соттар алғаш рет құрылған кезеңнен бастап әкімшілік сотта қызмет жасадым. Ең бастысы, сот саласындағы қызметімнің осындай жаңашылдықпен бірге өрілгеніне, әкімшілік әділет сияқты жаңа бастаманы ілгерілету ісінң бел ортасында жүргеніме ризамын. Себебі, мемлекеттің саясатын жүзеге асырып, адамдардың және кәсіпкерлердің құқығын тиімді қорғауға біздің жаңадан бекітілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі толық мүмкіндік береді. Сот процесінен шыққан азаматтардың ризашылығын естіп, алғысын алған сайын жаңа институттың тиімді, оңтайлы екеніне көзіміз анық жете түседі.

Үстіміздегі жылдың қыркүйек айында республиканың Оңтүстік және Батыс Қазақстан, Түркістан, Маңғыстау, Ақмола және Ақтөбе облыстарының мамандандырылған әкімшілік соттарының төрағалары мен судьяларымен бірге Германияда «Болашақ» бағдарламасы арқылы тағылымдамадан өттім. Бізбен бірге Өзбекстан, Қырғызстан, Түркістан мемлекетінің судьялары да бірге тағылымдамадан өтіп, олармен тығыз пікір алмастық. Осындай әріптестік байланыс барысында және Германия университетінің атақты профессорларымен пікір алмасу барысында біздің республикада қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің ережелері басқа мемлекеттерден біраз кеш қабылданса да, едәуір мықтырақ, әділдікті қорғауға қауқарлы, өміршең екенін байқадық. Сондықтан, біздің жүйеміздегі оң өзгерістердің барлығы сот жұмысының деңгейін өсіруге ықпал етіп қоймай, жалпы азаматтардың, заңды тұлғалардың, бүкіл органдардың сотқа деген құрметін арттырып, мемлекет билігінің абыройын нығайтарына сенеміз.

Түйіндей келе, республика судьяларының келесі съезіндегі сот корпусының алдындағы мақсаттар халықтың ұдайы назарында болып, сот жүйесін одан да жоғары деңгейде дамытуға бағытталатынына сенеміз!

**Гүлжан МЫРЗАТАЕВА,**  
**Қызылорда облысы**  
**мамандандырылған ауданаралық**  
**әкімшілік сотының төрағасы**

• ПАЙЫМ

**Кез келген адамның құқын әділ қорғау – мемлекеттің міндеті. Оны заң аясында орындау үшін шынайы сот төрелігін жүзеге асыруға ерекше назар аударылады. Осы мақсатта сот ісін алқабилердің қатысуымен жүргізу тәжірибеге енді. «Алқабилер туралы» заң қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін, алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды.**

## АЛҚАБИЛЕР СОТЫ ТӨРЕЛІКKE ДЕГЕН СЕНІМДІ АРТТЫРАДЫ

Жалпы, алқабиді дегеніміз – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған еліміздің кез келген азаматы. Сондықтан да алқабиді сотын сот төрелігін жүзеге асыруға халықтың қатысуының бір түрі дейміз. Алайда, бұл жай ғана қылмыстық іс жүргізу институты емес, ол ерекше әлеуметтік институт. Алқабилер сотының тәжірибеге енгізілуінің өзі осы елде жарыспалы сот төрелігінің бар екендігін білдіреді.

Сот жүйесін реформалауда он нәтиже берген іс-шаралар баршылық. Ерекше даралайтын өзгеріс – аса ауыр қылмыстық істерді қарауға, оның ішінде қылмыстық істерді алқабилердің қатысуымен қарауға мамандандырылған соттардың құрылуы.

Олай дейтініміз, алқабилер институтының сот жүйесінде кең қолданысқа ие болуы – қазақ елінің салт-дәстүрі, ғұрыптық ережелер жолымен құқықтық жүйені енгізген билер сотының жалғасын тауып, бүгінде қайта жаңғырып, заман талабына сай, уақыт көшіне қайта ілесуін көрсететіндей. Бұрын әр істі байыптап шеше білген би-шешендерге деген халық сенімі қандай жоғары болса, бүгінгі алқабилер соты да халықтың тура төрелікке деген сенімін арттыра түсетін аса ірі демократиялық өзгеріс болмақ.

Алқабидің өз құқығы, міндеті және істі қарауға байланысты оған қойылатын шектеулер бар. Сот отырысындағы жалпыға ортақ талапқа бағынумен бірге, алқабилер

істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуге; істі қарау барысында мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауға; жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ, кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға құқылы емес. Алқабидің өз міндетін дұрыс атқармауы, осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан заңында белгіленген жауаптылықта, төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттету мүмкіндігіне әкеп соғады.

Алқабилер соты қолданысының кеңеюі қылмыстық іс жүргізудің жалпы жағдайлары мен негізгі принциптерін сақтай отырып, мынадай мүмкіндіктерге жол ашады:

- тараптардың өз мүдделерін қорғауына себепкер болып, олардың алқабилер соты мен кәсіби судьялар алдында өз көзқарасын ашық білдіруіне мүмкіндік бере отырып, сот ісін жүргізуде жіберілетін қателіктердің жойылып, істің әділ шешім табуына ықпал етеді;
- алқабилер мен процеске қатысушылардың араласуымен іске қатысты кез келген дәйектер зерттеліп, сот залындағы зерттеу нысаны болған деректер негізінде қорытынды жасалады;
- алқабилердің сот отырысына қатысуы тараптардың құқығын қорғай отырып, қарама-қарсы тарапқа қолайлы болар шешімнің шығуына, іске қатыстылардың даулы әрекеттерінің оңтайлы

шешім табуына әсер етеді;

- алқабилердің қатысуы қылмыстық іс жүргізу нысанының қатаң сақталуына жағдай жасайды, яғни, алқабилер құрамындағы кәсіби судья емес мүшелер жауапкердің кінәлі не кінәлі еместігін істің барлық мазмұнын қарау нәтижесінде байыптай отырып, шешім шығару жүйесін қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес реттейді. Ал кәсіби судьялар алқабилер сотына дейін істің мән-жайымен таныс болғандықтан, оларда қаралатын мәселе төңірегінде өз пікірі қалыптасып қояды;

- алқабилердің қатысуымен сот төрелігін жүргізу арқылы халықтың сот жүйесімен танысуына мүмкіндік туады.

Бүгінде алқабилер сотына азаматтарды таңдаудың оңтайлы жолы қарастырылып келеді. Бұл институт қызметінің бірізге түсіп, кең қолданысқа ие болуының мәнісі өте зор. Алқабилер сотының қолданылу аясының кеңеюі әділетті сот жүйесінің биік деңгейге көтерілуіне өз септігін тигізері сөзсіз. Осылайша, алқабилер сотының сот жүйесіндегі қолданысының кеңеюі қылмыстық іс жүргізу құрылымының гуманистік тұрғыда өзгеруіне, демократиялануына, сондай-ақ, заң жүйесінің нығайуы мен баскекке қабілетті болуына әсер етеді.

**А.МЕДИЕВ,**  
**Маңғыстау облысы**  
**қылмыстық істер жөніндегі**  
**мамандандырылған**  
**ауданаралық сотының**  
**судьясы**

• КӨЗҚАРАС

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ

**Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі –халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте жоғары мәдениетті қалыптастыруға және әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.**

Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптарды жоғарылату мақсатында 2015 жылы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі және Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілген болатын.

Әдеп кодексі – жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деп аталатын тармақтардан тұрады.

Әдеп кодексінің 1) тармағына сәйкес, мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылған. Кодекс халықтың мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Әдеп кодексінің 5) тармағының 2) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер адал, әділ, қарапайым болуы, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым- қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуы тиіс екен. Сондай-ақ, Әдеп кодексінің 5) тармағының 13) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезін-

**ҚЕСҚАЙРОВ,**  
**Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің**  
**Батыс Қазақстан облысы бойынша**  
**департаменті басшысының орынбасары**



де мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Бұдан басқа, Әдеп кодексінің 8) тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынас кезінде ұжымда іскерлік және тілектестік өзара қарым-қатынасты әрі сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал етуге және басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзудың жолын кесуге немесе оларды болдырмау жөнінде өзге де шаралар қабылдайды. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер әлеуметтік желілерде жалған ақпаратты (алкоголь және темекі өнімдері, қымбат зергерлік әшекейлер, автомобильдер мен жылжымайтын мүліктері бар, сондай-ақ жалаңаш күйінде жеке фото және бейне материал) орналастыруға жол бермеуі және посттарды орналастыру және түсініктеме беру кезінде мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің талаптарын қатаң сақтауы қажет.

Әдеп кодексінің талаптарын сақтау лауазымы мен жұмыс өтіліне қарамастан барлық мемлекеттік қызметшілер үшін басты міндет болып табылады.



• АЛТЫН КӨПІР



## РЕЙТИНГ – ДАМУДЫҢ ЖАҢА СТРАТЕГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУДЕГІ МАҢЫЗДЫ ИНДИКАТОР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Марко Алеман мырза Азия елдерінің инновациялық дамуы үшін негізгі үрдістер мен болжамдарды айта отырып, 2024 жылғы Жаһандық инновациялық индекстің нәтижелерін ұсынды. ДЗМУ Экономика және деректерді талдау бөлімінің басшысы Саша Вунш-Винсент Жаһандық инновациялық индекс – 2024 талдауынан негізгі қорытындыларды ұсынды, бұл нәтижелер Қазақстанның және бүкіл өнімнің Жаһандық инновациялық экожүйедегі рөлін жақсырақ бағалауға көмектесетінін атап өтті.

Іс-шараны ұйымдастырушылардың бірі болған Әділет министрлігі инновацияларды дамытуға бағытталған халықаралық және өңірлік күш-жігерді үйлестіруде шешуші рөл атқарады. Ол өнертабысты, тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және басқа да зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғауды қамтамасыз ету арқылы инновациялық экономиканың өсуі үшін жағдай жасауға ерекше назар аударады. Бұл түпкі нәтижесінде елдің жоғары технологиялық және креативті салаларға инвестиция салуға тартымдылығын арттырады.

Мәселен, үстіміздегі жылдың 26 қыркүйекте Швейцарияның Женева қаласында Global Innovation Index–2024 Дүниежүзілік рейтингінің нәтиже-

лері жарияланды. Қазақстан сапалы өсім көрсетіп, жаһандық рейтингте 81-ші орыннан 78-ші орынға көтеріліп, Оңтүстік және Орталық Азия өңірі бойынша көшбасшылар үштігіне кірді.

«Мемлекеттік басқарудың тиімділігі», «Заңның үстемдігі», «Оқу, математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша PISA шкаласы», «Нарықтың дамуы», «Бизнесі жүргізу», «Тікелей инвестициялардың таза ағыны, ЖІӨ %» көрсеткіштері бойынша жақсару байқалады.

Рейтингтегі ең үлкен серпіліс «Креативті тауарлар мен қызметтер» көрсеткіші бойынша 93-орыннан 65-орынға, «Ұлттық көркем фильмдер/млн адам» 61-орыннан 31-орынға және «Жоғарғы деңгейдегі домендер (TLD)/мың адам» 115-орыннан 80-орынға көтерілді.

2007 жылдан бастап Global Innovation Index 133 елдің көрсеткіштерін бағалады және әлемдік экономиканың тұрақты өсуі, инновацияларды қаржыландыру мен өндірістің өсуінің өзара байланысы аясында инновациялар саласындағы жаһандық үрдістерді келтірді. Рейтинг инновациялар мен жедел экономикалық өсу саласындағы жаңа стратегияларды әзірлеу үшін маңызды индикатор ретінде қызмет етеді.

Әділет министрлігінің  
баспасөз қызметі

• КЕСЕЛ

## ИНТЕРНЕТТЕГІ АЛАЯҚТАР ӘЛ БЕРМЕЙ ТҰР

**Соңғы жылдары елімізде алаяқтық деректері артып бара жатқаны байқалады. Құқық қорғау орындары қанша жерден алаяқтықтың алдын алуға тырысқанымен, алаяқтық «жеті басты айдаһардай» әл бермей барады. Дегенмен, қылмыстың алдын алу үшін заңнама күшейтіліп, қауіпсіздік шаралары жасалып, ғаламтор алаяқтарымен күресетін IT полиция құрылды.**

Нәтижесі де жаман емес, айта кететін болсақ, бытыр интернет алаяқтық бойынша 4 мыңға жуық қылмыстық іс ашылып, 2 мыңға тарта адам жазаланған. Жүргізіліп жатқан жұмыстардың арқасында алдағы уақытта алаяқтарды құрықтап, жазалау көрсеткіші арта түсетініне де сенім мол.

Осы орайда, алаяқтықтың ішінде ғаламтор алаяқтарының күшейіп кеткендігіне тоқталғым келіп отыр. Елімізде интернет алаяқтық былтырғымен салыстырғанда 4,1 пайызға өскенін статистика байқатып отыр. Бас прокуратураның мәліметінше, биылғы алты айда 10 мыңға жуық интернет алаяқтығы деректері тіркелген. Олардың көбісі онлайн саудаға қатысты алдану және фишинг, яғни банк карталары мен өзге де деректердің әккілердің қолына түсуі фактілерімен тіркелген. Демек, халық та онлайн сауда жасау кезінде мұқият болуы керек. Онлайн сауда жасау кезінде алдымен төлем жасамас бұрын, алаяқпен сөйлесіп отырмағаныңызға әбден көз жеткізгеніңіз жөн. Әйтпесе ақша аударылған сәттен бастап, телефонды өшіріп қашатын алаяқтар жетерлік. Көп жағдайда

азаматтар алдын ала төлем жасау арқылы сан соғып қалады.

Сондай-ақ, қазір алаяқтықтың ең көп таралған түрі – «полициядан» немесе «банктен» қоңырау шалу болып отыр. Қаскөйлер өздерін тәртіп сақшысы немесе банк қызметкері ретінде таныстырып, жәбірленушіні қорқытып, үркітіп қалаған ниетіне жетеді. «Банк қызметкерінің» сұраған кодын айтамын деп қарызға көміліп қалып жатқандар жетерлік. Сондықтан ешқандай баняның телефон арқылы құпия код сұрамайтынын мұқият есте сақтау қажет. «Дауыс беріңіз» деп келетін күмәнді сілтемелер де алаяқтардың аяласы болуы әбден мүмкін. Сондықтан телефоныңызға келетін күмәнді сілтемелерді де баса берудің қажеті жоқ.

Қазіргі кезде заманның даму үрдісіне қарай интернет алаяқтық кең тарап кеткен. Қылмыстық заңнамаға сәйкес, ғаламтор алаяқтары ақпараттық жүйені пайдалану арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікті иемденіп кеткен тұлғалар танылады. Бұл жерде құқық бұзушы ақпараттық жүйелерді, яғни компьютер, смартфон, планшет секілді құралдардың көмегімен интернет арқылы жалған жарнамалар жариялап, адамдарды алдап-арбап, олардан ақша бопсалау, мүлкін жымқыру секілді әрекеттерге барады. Ғаламтор құралдарының жедел дамуы да интернет алаяқтығының өршуіне ықпал еткенін осы орайда мойындауымыз керек.

Өкінішке қарай, алаяқтарды жедел құрықтау қиындық туғызып жатады. Өйткені олардың көбісі трансшекаралық сипатқа ие, яғни, қаскүнемдер басқа аймақта, кейде басқа елде жүрген азаматтарға қатысты қылмыс жасайды. Сондай-ақ, интернет-алаықтар негізінен жалған құжаттарды

пайдаланып, үшінші тұлғалардың атынан жиі әрекет етеді. Елімізде көп кездесіп жүрген интернет-алаықтық түрлеріне: интернеттегі сауда-саттық, банк немесе полиция қызметкерлері ретінде азаматтарға қоңырау шалып әртүрлі алдау тәсілдерімен жеке деректерді алу, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге фишингтік сілтемелерді жолдау арқылы ақпараттарға қол жеткізу және тағы басқа осыған ұқсас тәсілдер арқылы жасалатын қылмыстар жатады.

Алаяқтың арбауына түспеу үшін бірнеше қағидаларды мұқият ұстанған жөн. Ол үшін қарапайым қауіпсіздік шаралары: дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламау, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеу, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмау, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпау, кез келген сілтеме бойынша өтпеу, спам хабарламаларға сенбеу қажет. Осы талаптарды сақтау арқылы әр адам алаяқтардан өзін қорғап жүре алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та қазір көптеген азаматтарымыз айлакерлердің арбауына түсіп, алданып қалып жатқанын бірнеше рет атап өтті. «Құқық қорғау органдары бұл бағыттағы жұмысты күшейтуі тиіс. Әділетті қоғам құру жолында оларға ешбір кешірім болмауы қажет», – деген болатын Президентіміз. Алдағы уақытта алаяқтарға қарсы күрес он нәтиже беруі үшін қауіпсіздікті қаперден шығармау маңызды.

Нұртас БӨЛЕКБАЕВ,  
Атырау қаласы  
№2 сотының судьясы

• ТҮЙТКІЛ

## ҚҰМАР ОЙЫНҒА ТӘУЕЛДІЛІК ҚҰРДЫМҒА БАТЫРАДЫ

**Қазіргі таңда нашақорлық пен маскүнемдіктен кейін қоғамдағы көкейкесті мәселе ретінде – лудомания танылған. Бұл «ойынға ессіз құнығу» дегенді білдіреді.**

2018 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен аталған ауру түрі: ойынға тәуелділік (компьютерлік, соның ішінде онлайн ойындары) пен лудомания (патологиялық толқу – құмар ойындарға тәуелділік, спорттық ставкалар, казино және басқа да түрлері) диагнозымен енгізілген.

Жаһандық дертке айналған мәселе оңай жолмен ақша тауып, қомақты қаражатқа кенелем деген ой мен іс-әрекеттен басталып, нәтижесінде адамды материалдық шығынға ұшыратып, соңы қайғылы оқиғамен аяқталуы мүмкін.

Бүгінде елімізде өзекті мәселеге аса көңіл бөлініп, лудоманияға жол бермеу тетіктері қоғамда қызу талқыланып, күресу жолдары қарастырылуда.

Ойынқұмарлық дерті жасы мен дәре-

жесіне қарамастан, кез келген адамды шырмал алуы мүмкін. Кеселдің алдын алу арқылы қоғамның әл-ауқатын жақсартып, әрбір отбасы мүшесін құмар ойынға тәуелділіктің жағымсыз салдарынан сақтауға болады.

2023 жылдың 2 қарашасында Президент Жарлығымен «ҚР мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексіне» өзгерістер енгізіліп, оған сәйкес мемлекеттік қызметшілердің ойын мекемесіне баруына тосқауыл қойылды. Себебі, лудомания олардың қызметтік міндеттерін адал орындауына, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне себеп болуы, қоғамның мемлекеттік институттарға деген сеніміне нұқсан келтіруі мен мемлекеттік қызметтің имиджіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан барлық



Д.ЕРЛИКОВА,  
ҚР Сот әкімшілігінің  
Ақтөбе облысы бойынша департаменті  
басшысының орынбасары,  
Әдеп жөніндегі уәкілі

мемлекеттік қызметшілер заңдармен белгіленген шектеулерді сақтауға, жауапкершілік пен әдептіліктің жоғары деңгейіне ие болуға, биліктің абыройы мен беделіне нұқсан келтірмеуге тиіс.

• ОҢ КАДАМ

## ЖАҢАӨЗЕНДЕ ЖАҢА ЗАУЫТТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

**Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбайдың бастамасымен бірнеше ай бұрын Жаңаөзенде сорғы-компрессорлық құбырлар мен сорғы штангаларын өндіретін зауыттың іргетасы қаланған болатын. Нысан шаһарда жұмыссыздық мәселесін шешуге және өндіріске қажетті жабдықтарды жергілікті жерде өндіру тиімділігін арттыруға көмектеседі.**

Зауыт құрылысы жауапкершілігі, яғни тапсырыс беруші міндеті мұнай-газ кәсіпорындарының қажеттіліктері үшін мұнай кәсіпшілігі мен химиялық жабдықтардың тұтас желісін шығаратын Маңғыстау облысының жетекші машина жасау кәсіпорындарының бірі «Қаскор Инжиниринг» ЖШС-і құзырында.

Компания локализация бағдарламасы аясында 2023 жылы сорғы-компрессорлық құбырлар мен сорғы штанга-

лары өндірісін Жаңаөзен қаласында зауыт салып көшіруге шешім қабылдады. 34 жыл өтілі бар, оның ішінде сорғы штангаларын өндіруде екі жыл, пеш дайындауда он алты жыл және сорғы-компрессорлық құбырлар өндіруде тоғыз жыл тәжірибесі бар компания жаңа зауытқа 17,3 млрд теңге инвестиция тартып отыр. Зауытқа, әсіресе, Жаңаөзен қаласының тұрғындарын жұмысқа алу жоспарланып отыр. Әзірге 300-ге жуық адамды жұмыспен қамту көзделен.



Қазіргі таңда қаладағы №1 өндірістік аймақта 12 га құрылыс аумағында зауыт құрылысы бастау алған.

мыстық қызмет көрсетуге арналған модульдік ғимараттарын монтаждап, зауыт бағаналарын толықтай тұрғызып үлгеріпті.

Жұмысты жоспарланған мерзімде аяқтау міндетіміз, сол себепті бақылап-өткізу пункті, асхана, жатақхана, тұрмыстық

қызмет көрсетуге арналған модульдік ғимараттар құрылысы аяқталды», – деді «М-Строй-Транс» компаниясының учаске басшысы Жәніс Тукаев.

Ғимаратта еден төсеп, жақтауларды орналастырып жүрген жұмысшыларға барлық жағдай жасалған. Олардың біркатары құрылыс нысанында қонып, ал кейбіреулері Жаңаөзен қаласынан қатынап жұмыс істейді.

«Жұмыс қалыпты жағдайда жүріп жатыр. Өз міндетімізге сай сапалы қызмет көрсетіп, құрылысты мерзімінде тапсыруды жоспарлап отырмыз», – дейді «Отан-инжиниринг» компаниясының прорабы Ербол Көпжасаров.

Құрылыс алаңында техникалық көліктер ауыр темір қондырғыларды тіктеп тұрғызуда. Бір бригада күніне он темір бағананы орнатып үлгереді екен. Жоспар бойынша төрт бригада толық жинақталып, іске кіріскен кезде жұмыс қарқыны артады.

Жазира  
ҚУАНЫШБЕКБЕК  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



• САРАП

# МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ДАУЛАРЫН ҚАРАУДА БІРІЗДІЛІК ЖОҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соңғы 2 жылдың ішінде мемлекеттік сатып алу саласындағы дауларды қараудағы бірқатар сұрақтар бойынша сот тәжірибесіне тоқталған жөн.

Кейінгі жылдары рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып (Қағидалардың 13-тарауы) мемлекеттік сатып алу конкурстарының өткізілуі көбейген. Бұған келесі себептер негіз болған, олар:

– Рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып конкурс өткізілетін болса, конкурстық комиссия құрылмайды, конкурсқа қатысуға өтінімін тапсырған ықтимал өнім берушілердің қағидаға сәйкес ұсынылған құжаттардың негізінде мемлекеттік сатып алу саласында электрондық депозитарийдағы (жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын мәліметтер мен құжаттарды камтитын электрондық деректер базасы) жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың негізінде электронды веб-портал автоматты түрде конкурс жеңімпазын анықтайды. Сондықтан, конкурсты ұйымдастырушыға бұл жүйе конкурсты тез арада және уақытты көпке созбай өткізуге тиісті.

– Сонымен бірге, қағиданың 333-тармағына сәйкес, рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып жүргізілген конкурстың қорытындылары заңның 47-бабының тәртібімен шағымдануға жатпайды. Сондықтан, бірқатар облыстың әкімшілік соттары қағиданың 333-тармағына сілтеме жасап, аталған жүйемен өткізілген конкурс қорытындылары шағымдануға жатпайды деп талап қоюшы мекемелердің берген талап арыздарын кері қайтарған болатын.

Қазіргі уақытта, соттардың бұндай істерді кері қайтаруы тоқтатылды, себебі еліміздің Конституциясының 13-бабына сәйкес, әркім өзінің құқығы мен мүддесін сот арқылы қорғауға құқығы бар. Рейтингтік-балдық жүйе арқылы өткізілген конкурстардың қорытындыларын даулау кезінде негізінен талап қоюшылар жеңімпаздың электрондық депозитарийдағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың дұрыстығын даулауы қажет. Себебі, кейбір талап қоюшылар осы жүйемен өткізілген конкурстардың қорытынды хаттамаларын заңсыз деп танып, күшін жоюды сұрайды да, өзінің талабын уәждеген кезінде жеңімпаздың жұмыс тәжірибесінің құжаттарын, ол құжаттарда көрсетілген қандай мәліметтер дұрыс емес екендігін толық көрсетпейді. Сонымен бірге, бұндай даулар



**Сот практикасында осындай тәсілмен конкурстарды жеңіп алған заңды тұлғаларға қатысты конкурс қорытындыларын даулап, хаттамаларды заңсыз деп тану туралы әкімшілік істер көп қаралды. Соттар мұндай дауларды қараған кезде бір-біріне қарама-қайшы сот шешімдерін қабылдаған. Бұған себеп, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы мен қағидада аталған фактілер бойынша нақты қандай талаптар қолдану қажет екені жөнінде мәліметтер қаралмаған.**

да конкурс ұйымдастырушымен қатар, қосымша жауапкер ретінде Электрондық депозитарийдың жұмысын басқарушы уәкілетті органы – Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті көрсетілуі қажет. Сондай-ақ соттармен мүдделі тұлға ретінде «Электронды қаржы орталығы» акционерлік қоғамы тартылады, себебі акционерлік қоғам электронды веб-порталдың операторы болып табылады.

Қазынашылық комитеті – әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесінің құжаттарындағы мәліметтерді тексеріп, электронды депозитарийге енгізу жөніндегі шешімді қабылдайды. Кейінгі кезде конкурсқа қатысушы мекеменің жұмыс тәжірибесі жеткіліксіз болатын болса, ол қажетті қызмет атқаратын салада лицензиясы бар, көптеген құрылыс объектілерінің құрылысын жүргізіп, қажетті тәжірибе жинаған заңды тұлғаларды

(ЖШС-ді) Азаматтық кодекстің 45, 46, 47-баптарына сәйкес қосу арқылы, заңды тұлғаларды біріктіру арқылы, заңды тұлғаны бөлу арқылы жаңадан құрылған, заңды тұлғаның бір түрінен екінші түріне өзгерту арқылы (ұйымдық-құқықтық нысанды өзгерткенде) өзіне алу фактілері көбейген.

Яғни, жұмыс тәжірибесі үлкен заңды тұлғаларды өзіне қосып алып, заңды тұлға ретінде әділет органдарынан қайтадан тіркеуден өтіп, жұмыс тәжірибесін өткізу актісі, бөлу балансы арқылы өздеріне қосып алып, одан кейін уәкілетті орган – Қазынашылық комитетіне Электрондық депозитарийге осы жұмыс тәжірибесін өзіне бекіту жөнінде өтініш арқылы бекітіп алып, мемлекеттік сатып алу конкурстарына қатысып, үлкен пайыздағы шартты жеңілдіктердің көрсеткішімен конкурстарды жеңіп алу фактілері орын алған.

Соған орай сот практикасын да осындай тәсілмен конкурстарды жеңіп алған заңды тұлғаларға қатысты конкурс қорытындыларын даулап, хаттамаларды заңсыз деп тану туралы әкімшілік істер көп қаралды. Соттар мұндай дауларды қараған кезде бір-біріне қарама-қайшы сот шешімдерін қабылдаған. Бұған себеп, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы мен қағидада аталған фактілер бойынша нақты қандай талаптар қолдану қажет екені жөнінде мәліметтер қаралмаған.

Азаматтық кодекстің 47-бабына сәйкес, қосылған, біріктірілген, бөлу арқылы жаңадан құрылған, заңды

еліміздің экономикасына кері әсерін тигізді.

Мұндай жағдай неге туындады, себебі мемлекеттік сатып алу туралы заң мен қағидада аталған фактілер бойынша нақты қандай талаптар қолдану қажет екені жөнінде регламенттер қаралмаған. Сондықтан, Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 20 сәуірдегі №402 бұйрығымен қағиданың 425-2-тармағына өзгеріс енгізілді:

Осы қағидалардың мақсаттары үшін қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның жұмыс тәжірибесі мынадай жағдайлардың бірі болған кезде электрондық депозитарийге енгізілмейді, сондай-ақ конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды есептеу кезінде ескерілмейді:

1) егер әлеуетті өнім берушінің мәлімделген жұмыс тәжірибесі басқа заңды тұлғадан бөлу немесе бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде алынған болса;

2) егер әлеуетті өнім берушінің мәлімделген жұмыс тәжірибесі қайта ұйымдастырудың бірнеше реттілікті түрлері (бөлу, бөліп шығару, біріктіру, қосу, қайта құру) нәтижесінде алынған болса;

3) егер әлеуетті өнім берушінің мәлімделген жұмыс тәжірибесі заңды тұлғалардың қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, қайта құру) нәтижесінде алынған болса, мұнда қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың бірінде заңның 6-бабы 1-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген шектеулері бар болса – яғни, жосықсыз қатысушылардың тізілімі (реестр недобросовестных участников государственных закупок) енгізілген жағдайда;

4) егер әлеуетті өнім берушінің мәлімделген жұмыс тәжірибесі заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, қайта құру) нәтижесінде алынған болса, мұнда қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың бірі мемлекеттік сатып алу нысанасына сәйкес келетін қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиясынан (рұқсатынан) айырылған болса конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды есептеу кезінде ескерілмейді.

Үстіміздегі жылдың 1 шілдесінде Мемлекет басшысы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға қол қойды және бұл заң 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі. Жаңа заң сатып алу процесі рәсімдерін оңтайландыруды, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтердің сапасын жетілдіруді, мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуді және бәсекелестікті дамытуды көздейді. Сондықтан, аталған саладағы даулар бойынша жоғарыда көрсетілген сот практикасы болашақта оңтайлы қалыптасады деп сенемін.

**А.ШАРХАНОВ,**  
Түркістан облысы  
мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік  
сотының судьясы

• МЕЖЕ

## ӘДІЛЕТ ОРГАНЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ НӘТИЖЕЛІ

**Мемлекеттік саясатқа сәйкес, елімізде, құқықтық мемлекет құру басты мақсатымыз болып табылады. Бұл ретте Конституцияның сенімді кепілі болып табылатын заң үстемдігін негізге ала отырып, адам құқығын, бостандығын қамтамасыз етуде әділет органының алатын орны ерекше.**

Осы тұрғыдан алғанда Алматы қалалық Әділет департаменті заңнама шеңберінде төл міндетін мінсіз атқаруда. Құқықтық жүйенің негізі болып табылатын маңызды институттың міндеті – заңдардың сақталуын қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу және азаматтардың құқықтарын қорғау. Сондықтан да әділет органы қоғамда әділеттілікті орнатуда маңызды рөл атқарады. Олар сот жүйесі мен

құқық қорғау органы, Алматы қалалық адвокаттар алқасы, Алматы қалалық заң палаталарымен, Алматы қаласы нотариалдық палатасы және жеке сот орындаушылармен тығыз байланыста жұмыс істеп, құқықтық тәртіпті нығайтады. Әділет департаментіне жүктелген міндеттерді нәтижелі атқару өз жемісін беруде. Атап өтсек:

– «Құқықтық көмек» жобасы аясында жергілікті волонтерлар мен әділет саласының

қызметкерлері бірлесіп, офлайн кездесулер өткізіп ашық есік күндері мен әлеуметтік желілердің көмегімен халыққа кеңес беріп, құқықтық сауатын ашты.

– 2023 жылғы 11 сәуірде Әділет министрлігінің «Цифрлық нотариат» пилоттық жобасын іске қосу туралы бірлескен бұйрығы бекітіліп, республика аумағында сенімхаттарды және келісімдерді онлайн куәландыру жұмысы іске қосылды.

– «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 26-бабына сәйкес, мемлекет кепілдік берген заң көмегін құқықтық ақпарат беру түрінде тегін алуға барлық жеке және заңды тұлғалардың құқығы бар. Осы негізде Алматы қалалық



**Шыңғыс КЕНЖЕТАЕВ,**  
Әділет департаменті  
басшысының орынбасары,  
заң ғылымдарының докторы

әділет департаменті 2024 жылы 11 802 азаматқа тегін заң көмегін көрсетті

– Тауар таңбаларын заңсыз пайдалану және контрафактілік өнімді сату фактісі бойынша 70

құқықбұзушылық анықталып, 649-ы қаралды. Нәтижесінде 5 444 460 теңге сомасында айыппұл салынды.

– Алматы қалалық әділет департаменті тарапынан ағымдағы жылдың есептік кезеңінде барлығы 32 540 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Апостиль қою бойынша – 30 088, коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу бойынша – 1111, нотариаттық және адвокаттық қызмет бойынша – 726, сот актілерін орындау бойынша – 615 қызмет орындалды.

– Жеке сот орындаушылардың орындауында барлығы 633 157 атқарушылық іс жүргізілді. Нысаналы индикаторларға қол жеткізу бойынша көрсеткіштер: Аяқталған атқарушы өндірістің жалпы санының үлесі 43,6%, ал нақты орындалған өндірістің үлесі 59,7%-ды құрайды.

– Алматы қаласы бойынша проблемалық алименттер саны 2475-ті құрайды. Жеке

сот орындаушылары алимент бойынша өндіріп алушылардың пайдасына 500 млн теңгеден астам алиментті өндіріп алған. Жыл басында шамамен бұл сан 4000 өндіріс болған. ЖСО өңірлік палатасымен бірлесіп жүргізілген жұмыстың нәтижесінде проблемалық клиенттер саны азайды. Осы сынды басқа да қызметтерді халық үшін атқарып келеді.

Еліміздің заңнамалары аясында әділетті қызмет атқарып келе жатқан органның қай салада болсын алар үлесі ұшан-теңіз. Аға буынның жинақтаған мол тәжірибесі мен жалынды жастардың арқасында әділет органдарының қалыптасқан жүйесі жаңа сынақтарға қарсы тұрып, өз міндетін табысты атқаруда. Еліміздің құқықтық мемлекет құруда, халқымыздың құқықтық сауаттылығын арттыру жолында адал еңбек ету – біздің міндет.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



## • БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Табиғи апаттардан сақтандыру өте күрделі және ауқымды. Сондықтан, ең алдымен, негізгі полисті анықтайтын және ақша жинайтын бір операторды құру жеңілрек болады. Мұндай шетелдік мысалдар көп. Бірақ бұл табиғи апаттардан сақтандырудың жалғыз жолы емес. Әзірге аталған бағытта бірнеше нұсқа бар. Қазақстанда табиғи апаттардан сақтандыру бойынша коммуналдық төлемдер мен салық бойынша құрылымдық түзетулер енгізу арқылы сақтандырумен камтуды қарастырып жатырмыз. Бұл элементтердің барлығы маңызды, себебі олар халықты сақтандырумен камтуды күшейтеді», – дейді Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігінің Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті директорының орынбасары Елена Филимонова.

Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығының төрайымы Елена Бахмутованың айтуынша, қадағалау және дамытуды үйлестіру қажет. Тенгерімді даму сектордың дамуы мен қызметті алушылардың дайындығына да байланысты. Үйлесімнің мәні осында. Дамуды қамтамасыз ететін негізгі үш бағыт: реттеушілік және салық жүйесі; халықтың төлем қабілеті және қызметті сатып алуға дайын болуы; дұрыс бәсекелестікті қалыптастыру.

«Біздің сақтандыру нарығымыз ерікті емес, міндетті сақтандыру түрлері арқылы дамыған. Сондықтан ерікті сақтандыру түрлерін дамытуымыз керек. Біз бірнеше рет осыны дәлелдеуге тырыстық. Өмірді және жазатайым жағдайларды сақтандыру үшін жасаған біздің түзетулер заңға енгізілген жоқ. Үкіметтің әлеуметтік блогы және регулятордың пікіріне құлақ асқан жоқ. Тиісті актуарлық есептеусіз нарыққа өте күрделі механизмді енгізген болатын. Ол сақтандырушыларға ғана емес, сақтандыру ұйымдарына да өте күрделі механизм. Оның салдарынан жылдың басынан бастап төлемдердің мөлшері 2,1 есеге жоғарылап кетті. Тиісті бағалау болмаса, осындай күрделі механизмдерді өзгерту қажет емес деп ойлаймын. Өкінішке қарай, біз қазір оны ұлттық деңгейде талқылап отырмыз. Үкіметтің әлеуметтік блогының ұсынысы бойынша қазір оны коммерциялық сектордан алып, мемлекеттік секторға тапсыру мәселесі талқыланып отыр. Нарықтағы осындай қарбаластар нарықтың дамуына अपармайды. Осы жерде реттеуші мен мемлекеттік орган арасында үйлесім өте маңызды», – дейді Е.Бахмутова. Оның пайымдауынша, сақтандырудың басқа өнімдерін енгізген кезде әлеуметтік бағыт теріс сипатта болмағаны дұрыс. Өйткені біздің құрылымдар сақтандыру ұйымдарына жауапкершілік жүктегісі келеді. Бұдан қаржы тұрақсыздығына әкелетін жағдай орын алуы мүмкін. Бұл жерде шамадан тыс міндеттеудің қажеті жоқ.

Осы арада төтенше жағдай ұғымына жеке тоқтала кеткен артық болмас. Қолданыстағы заңнама бойынша ол – адам шығынына, адамдар денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзаның салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай. Ал Төтенше жағдайлар министрлігі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттердің алдын алуы және сөндіруді ұйымдастыру салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

### Табиғи апаттан сақтандырудың ұлттық стратегиясы әзірленеді

Қазақстанда осы уақытқа дейін төтенше жағдайдың алдын алудың ұлттық стратегиясы болмады. Быыл 23 қаңтарда орын алған Алматыдағы 5

балдық жер сілкінісінен кейін Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігі мемлекеттік деңгейде Жер сілкінісі қаупінен сақтандыру моделін әзірлейтінін мәлімдеген еді. Өйткені оны жасауға Төтенше жағдайлар министрлігінің шамасы болмады. Оны салаға жауапты уәкілетті органның дәрежесінен де байқауға болады. Мәселен, 1991–1997 жылдары ол Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы; 1997–2001 жылдары Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет;

Төтенше жағдайлар комитеті; 2001–2004 жылдары Төтенше жағдайлар агенттігі; 2004–2014 жылдары Төтенше жағдайлар министрлігі, 2014–2020 жылдары Төтенше жағдайлар комитеті, ал 2020 жылдан кейін қайтадан Төтенше жағдайлар министрлігі деп аталды.

Осыған қарамастан мемлекеттік бюджеттегі үкіметтік резервтен төтенше жағдайларға жұмсалатын қаржының көлемі жыл сайын өспесе, кеміп жатқан жоқ. Қазір ол 0,5 млрд долларға дейін жетті. БҰҰ-ның Апаттар қаупін азайту жөніндегі басқармасы сияқты әлемдік қауымдастық құрылымдарының есебі бойынша, климаттың өзгеруінің әсерінен болатын табиғи апаттар саны мен оның шығыны алдағы уақытта да өсуі ықтимал. Бұл жағдай бірқатар елдердің тұрақты дамуына кері әсер етіп, экономикасына ауыр соққы болуы мүмкін деген болжам да айтылуда. Ол негізсіз емес екенін Алматыдағы сақтандыру форумы кезінде сарапшылар да растады. Мәселен, еліміз жер сілкінісі болатын болса, оның зардабын жою бюджеттегі үкімет резервіне ауыр салмақ салары күмәнсіз. Өйткені жеке мүлкін сақтандырған қазақстандықтардың үлесі қазіргі таңда бүкіл республикада тек 8 пайызды құрап отыр.

### Табиғи апаттардың шығыны орасан

2019 жылы Дүниежүзілік банктің Орталық Азиядағы табиғи апаттарды басқару жөніндегі маманы Ко Такеучи Алматыда 1911 жылы болған жер сілкінісінің шығыны 20 миллион долларға бағаланғанын айтқан еді. Сондай-ақ жер сілкінісінен келетін залал енді Қазақстанның жалпы ішкі өніміне 1 миллиард долларға дейін зиян келтіруі мүмкін деп: «Қазақстанда су тасқыны да жиі болатынын көріп жүрміз. Олардың күші жойқын болмаса да, едәуір экономикалық зиян келтіреді. Мәселен, 2005 жылы су тасқыны 7,6 миллион доллар, 2008 жылы 100 миллион доллар, 2010 жылы 40 миллион доллар шығын әкеліп, 40 адамның өмірін қиды. Жалпы, Қазақстанда бір

ғана су тасқынының өзінен жыл сайын 300 мыңға жуық адам жапа шегеді, ал ЖІӨ-ге үш миллиард доллар шығын келтіреді», – дегенді айтқан еді.

Орталық Азияның аймақтық экологиялық орталығының 2022 жылғы есебіне сәйкес, Қазақстанның жер сілкіністерінен келетін орташа жылдық шығыны – 57,6 миллион доллар. Елдегі ең жоғары шығын көрсеткіші Алматыда – 46,8 миллион доллар. Одан кейін Түркістан (8,9 миллион доллар) және Жамбыл (1,6 миллион доллар) облыстары тұр. Осы үш аймақтың өзі елдегі орташа жылдық шығынның 100 пайызға жуығын құрайды. Ал су тасқынынан болатын орташа жылдық шығын

гі деңгейін арттырады»,– дейді Ерлан Төрежелдиев. Оның сөзіне қарағанда, сақтандыру арқылы нысандарда өрттен зардап шеккендерге материалдық қолдау көрсетуге мемлекет шығыны жұмсалмайтын болады. Заң жобасы мақұлданған жағдайда бұл талаптар 2028 жылға қарай қолданысқа енгізілуі мүмкін.

### Әлемдік озық тәжірибелер зерттелуде

Алматыдағы биылғы форумда қаржы нарығының сарапшысы, АҚШ-

ді қарастырдық. Біз солардың жұмысынан өзімізге сабақ алып, олардың нәтижесінен қорытынды жасаймыз. Заңнама талаптарын орындау осындай мүмкіндігіміздің бір тәсілі. Елдің менталитетін ескере отырып қадағалау шараларын да қаперде ұстауымыз керек. Апаттан сақтандыруда төлем төмен болса, жөндеу жұмыстарының қажеттілігі жоқ деген сенім туады. Мемлекет біз шығынның барлығын жаппаймыз, мұндайда адамдардың өз жауапкершілігі болу керек деп ашық айтқаны жөн. АҚШ-та азаматтар сақтандыруды сатып алмаса, мемлекет оның шығынын өтемейді. Онда сақтандыру төлеміне жарнаны өзіңіз



«Біздің сақтандыру нарығымыз ерікті емес, міндетті сақтандыру түрлері арқылы дамыған. Сондықтан ерікті сақтандыру түрлерін дамытуымыз керек. Біз бірнеше рет осыны дәлелдеуге тырыстық. Өмірді және жазатайым жағдайларды сақтандыру үшін жасаған біздің түзетулер заңға енгізілген жоқ. Үкіметтің әлеуметтік блогы және регулятордың пікіріне құлақ асқан жоқ. Тиісті актуарлық есептеусіз нарыққа өте күрделі механизмді енгізген болатын. Ол сақтандырушыларға ғана емес, сақтандыру ұйымдарына да өте күрделі механизм.

419 миллион долларға бағаланған. Бұл жер сілкінісі салдарынан келетін 58 миллион доллар шығыннан жеті есе көп.

### Баспананы өрттен сақтандыру міндетті бола ма?

Төтенше жағдайлар министрлігі тұрғын үйге міндетті сақтандыру талабын енгізбекші. ТЖМ Өртке қарсы қызмет комитеті төрағасының орынбасары Ерлан Төрежелдиевтің айтуынша, өрттен зардап шеккен адамдарға өтем ақы қайтару мәселесі қамтылмаған. Соның шешімі ретінде тұрғын үйлерді төтенше жағдайлардан міндетті сақтандыру тетігі ұсынылып отыр.

Тиісті заң жобасы Мәжілістің қарауына жіберілген. Егер депутаттар бұл жобаны мақұлдаса, министрлік бірінші кезекте ірі сауда нысандарын сақтандыруды көздеп отыр. Ал екінші кезекте бұл норма барлық қазақстандыққа да міндеттелмек,

«Бүгінде өрт кезінде үшінші тұлғалар қарақат алғанда немесе қаза тапқандардың отбасына келтірілген зиянды өтеу тетігі жоқ. Сол үшін ірі сауда нысандары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жүйесін енгізу мәселелерді кешенді шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, зардап шеккендер арасында әлеуметтік шиеленістің туындау қаупі төмендейді. Екіншіден, ірі нысандар өрт қауіпсізді-

тың W&W Consulting компаниясының тәуелсіз кеңесшісі Родольф Верхан әр елдің тәуекелді сақтандыру бойынша жеке тәсілі болу керектігін айтты. Тәуекел жоғары өңірлерде жеке сектор өзін сақтандыра алмайды. Бұл жерде мемлекет өзі де қосымша сақтандыруы керек. Табиғи апаттың күші және ауқымы үлкен болса, оны сақтандыруға жеке сектор мен мемлекет бірдей атсалыспаса, шығынды жоюға күші жетпеуі мүмкін. Жалпы, әлемде бұл жағдайға қатысты түрлі әдіс-тәсілдер бар. Мәселен, Чилиде 2010 жылы үлкен жер сілкінісі болғанда, онда халық мүлкінің 30 пайызының жергілікті деңгейде сақтандырылуы және шығындардың 98 пайызының шекарадан тыс жерде қайта сақтандырылуы өз жемісін берген.

«Қазақстанда жер сілкіну бойынша белгілі бір сызба кестелер бар. Егер статистиканы айтар болсақ бар болғаны 8 пайыз халықтың мүлкі жер сілкінісінен сақтандырылған. Ал су апатынан ешқандай сақтандыру болмаған. Сондықтан мемлекет оған өзі көп қаржы жұмсауға мәжбүр болды. Бұл жердегі маңызды факторлардың бірі – сұраныстың жоқтығы. Азаматтарда жиі болмайтын апаттардан сақтандырудың қажеттілігі жоқ деген түсінік қалыптасқан. Бұл күрделі мәселе. Сондықтан бәріміз үшін белгілі бір стандартты өнім жасау керек. Мысалы, Түркияда, Мароккада осындай стандартты өнімдер бар. Қазақстандағы жағдайды зерттей бастағанда біз әлемнің түкпір-түкпіріндегі 10 модель-

төлеуіңіз керек деп дұрыстап түсіндіреді», – дейді американдық сарапшы. Франциялық сарапшы Жан-Пьер Даниэльдің сөзіне қарағанда, Францияда әр адам, әр компания өз мүлкін міндетті түрде табиғи апаттан сақтандырады. Қолжетімді жүйенің сенімділігін және қауіпсіздігін мемлекет қамтамасыз еткен. Францияның сақтандыру жүйесі мемлекет пен жекеменшіктің ынтымақтастығы негізінде құрылған. Француздық сақтандыру компаниясы 20 пайыздық сыйақы жинайды. Олар сондай-ақ өздерін 97 пайызға дейін мемлекеттік қайта сақтандыру компаниясына қайта сақтандырады. Бұл мемлекеттік сақтандыру компаниясы жылына 100 млн доллар шығын әкеледі. Осыған қарамастан Францияда тәуекел түрлерінің мөлшерлемесі бірдей. Онда су, басып кіру, ұрлықтың бәрі әмбебап бір келісімшартта көрсетілген. Бұл жүйе 1982 жылы іске қосылды.

«Сыйақы мөлшерін де, төлемді де мемлекет белгілейді. Францияда табиғи апатты белгілейтін тізім жоқ. Мысалы, дауыл Францияда табиғат апаты ретінде қарастырылмайды. Адам үйін өрттен сақтандырса, оған дауыл да кіреді. Сақтандыру шығынының 49 пайызын су тасқыны, 42 пайызын жердің отыруы, ал 9 пайызын басқалары құрайды. Мәселен, 2023 жылы су тасқыны 800-1000 млн еуро, жердің отыруы 600-700 млн еуро, басқалары 200-350 млн еуро болды», – деген Жан-Пьер Даниэль Франциялық жүйеде апат болған күннің ертесінде-ақ нақты шешім қабылданынын айтты.

Түркиялық сарапшы Мехмет Али Өздемир өзі қызмет жасайтын Табиғи апаттарды модельдеу компаниясының Стамбұлда орналасқанын, бұл елде жер сілкінісінен сақтандыру міндетті болып табылатынын жеткізді.

«Оны Апаттардан сақтандыру пулы арқылы жүзеге асырамыз. Ол 2000 жылдардың басында құрылған. Өте нәтижелі жұмыс жүргізіп келе жатыр. Жер сілкінісі жиі болатын Мәрмар теңізі жағалауында сақтандырудың нарыққа енуі 60 пайыз жүзеге асырылып отыр. Бізде әр адам өз үйін суға, газға, электрге қосқысы келсе, міндетті түрде қолында сақтандыру полисінің шарты болу керек. Бұл міндетті талап. Осыған орай, жан-жақты ақпарат таратып, адамдардың сауаттылығын арттыруды көздейміз. Мұқият жасалған жоспарлы жұмыс арқасында сақтандыру өнімдері енді. Оның бәрі Измирде, Эгей теңізінің жағалауында жер сілкінген кезде өз нәтижесін берді. Мысалы, Қахармараштың Түркияның ЖІӨ-дегі үлесі 9 пайыз болса, Алматының Қазақстанның ЖІӨ-дегі үлесі 20 пайыз екен. Түркиядағы дайындық деңгейі жер сілкінісі салдарын жоюға көмектесті», – дейді ол.

Ал испандық сарапшы Франсиско Эсперо Испанияның мемлекеттік компаниясының қызметіне тоқталды. «Біз де табиғи апаттардың тәуекелдерін сақтандырумен айналысамыз. Тәуекелдің өзі: қауіптілік, бейімділік, осалдықтан тұрады. Сақтандыру – тәуекелді беру механизмі дегенді білдіреді. Бұл механизмді зерттеу өте қызық болар еді. Сақтандыру әр 3 доллардың біреуін жаба алмайды. Бізде жауын-шашын мен құрғақшылық сияқты экстремалды жағдайлар көбеюде. Мүлік су тасқыны мен жер сілкінісінен сақтандырылады. Біздің азаматтарымыз лаңкестіктен басқа елде зардап шексе де төлем ала алады», – дегенді айтты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»



• БІЛГЕН ЖӨН

# ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ ЖАЗБАША ТАЛҚЫЛАУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП

**Былтырғы екінші жартыжылдығынан бастап отандық сот жүйесінде елеулі өзгерістер орын алды. Уақыт пен заман талабына қарай қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (әрі қарай – ӘРПК) қолданысқа енгізілді. Осыған орай елімізде біршама жаңа соттар құрылып, жұмысын бастап кетті.**

Бүкіл сот жүйесінің судьялары мен мамандары жаңа заңнаманың артықшылықтары мен ерекшеліктерін түсіндіру бойынша шаралар қолданып, сот тәжірибесін бөлісіп, азаматтармен, мемлекеттік органдармен, сондай-ақ заң қауымдастығымен жүйелі түрде байланыс орнатуда. Осы ретте әкімшілік сот ісін жүргіздегі жазбаша талқылау тәртібінің азаматтық сот ісін жүргізудегі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінен айырмашылығы мен артықшылығын түсіндірген жөн.

**ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ЖАЗБАША ТАЛҚЫЛАУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?**  
ӘРПК-де көзделген оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде жазбаша талқылау тәртібі көзделген. Жазбаша талқылау дегеніміз – әкімшілік істі ауызша талқылауды жүргізбестен қарау, яғни, тараптардың уәждерін тыңдау, іс құжаттарын зерттеу мен жариялау, сот жарыссөзін өткізу, қабылданған сот актісін жариялау мен оны түсіндіру жазбаша іс жүргізу тәртібінде жүргізілмейді. Демек, дау әкімшілік іс жүргізде ауызша талқылауда да, жазбаша талқылауда да шешілуі мүмкін. Тәжірибеде жазбаша талқылаудың бірнеше артықшылығы болғанымен, әкімшілік процестің тараптары көбіне ауызша талқылауда дауласады.

**ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ЖАЗБАША ТАЛҚЫЛАУДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ОҢАЙЛАТЫЛҒАН (ЖАЗБАША) ІС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІНЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?**

Біріншіден, істі қарау мерзімінде. АПК бойынша судья оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істерді талап қою қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде қарайды. Бұл мерзім ұзартылуға жатпайды. ӘРПК бойынша істі қарау мерзімі шектелмеген. Сот тараптардың келісімімен әкімшілік істі жазбаша талқылауда ақылға қонымды, бірақ талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде қарауға құқылы. Аса күрделі әкімшілік істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен ақылға қонымды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Екіншіден, АПК бойынша сот, егер: тарап бұл туралы өтінішхат берсе; үшінші тұлғаның іске кіруі туралы өтінішхаты қанағаттандырылса; қарсы талап қою қабылдана; осы іс бойынша қабылданған сот актісімен басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы мүмкін болса; дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәнің айғақтарын тыңдау қажет болса; қосымша мән-жайларды анықтау



**Марал ШАЙХМЕТОВА,**  
**Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты әкімшісінің басшысы**

немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу қажет болса, істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша қарауға көшеді. Бұл туралы істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымда көрсетеді. Ал ӘРПК бойынша сот тараптар алдын ала берілген келісімін қайтарып алған жағдайда ғана ауызша талқылауға көшуге міндетті, сондай-ақ егер бұл істі дұрыс шешу үшін қажет болса, сот өз қалауы бойынша ауызша талқылауға көшуге құқылы. Үшіншіден, АПК бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жататын іс санаттары нақты белгіленсе, ӘРПК бойынша ондай шектеулер белгіленбеген, кез келген дау әкімшілік іс жүргізде жазбаша талқылауда қаралуы мүмкін.

Төртіншіден, АПК бойынша істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізде қараумен келіспеген тараптар – хабарламаны алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде сотқа дауды талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қарау туралы өтінішхат, ал жауапкер құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) ұсынуға құқылы. Шешім шығарылғаннан кейін сотқа түскен дауды жалпы тәртіппен қарау туралы өтінішхат осы шешімнің күшін жою туралы арыз ретінде қабылданады және қаралады. Ал ӘРПК бойынша жазбаша талқылауда ондай мерзім белгіленбеген, яғни тараптар алдын ала берілген келісімін кез келген уақытта қайтарып алса, сот өтінішхаттар мен құжаттарды ұсынуға болатын қолайлы мерзімді ыңғайлы етіп өз қалауымен тағайындайды.

Сонымен ең басты айырмашылық, АПК бойынша жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы болса, ӘРПК-дегі жазбаша талқылауда жауапкердің ондай мүмкіншілігі көзделмеген. Жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралған әкімшілік іс бойынша шешімге тікелей апелляциялық және кассациялық тәртіптермен шағым жасалуы мүмкін. Демек, даудың мәні бойынша шешілуі мерзімді негізсіз соз-баланға салуға жол бермейді.

**ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ЖАЗБАША ТАЛҚЫЛАУДЫҢ АУЫЗША ТАЛҚЫЛАУДАН АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?**

Оның артықшылығы уақыттың үнемделуі. Себебі, жазбаша талқылау тәртібімен әкімшілік іс ауызша талқылауды жүргізбестен қаралатындықтан, ауызша процеске тараптар уақыт жұмсамайды, өз уәждерін негіздеп, сот алдында сөз сөйлемейді, қарсыласы мен процестің басқа қатысушыларының сөзін тыңдамайды. Бүгінгі таңда, уақыт тапшылығын ескерсек, бұл жазбаша талқылаудың ең басты артықшылығы болып табылады. Істі жазбаша талқылауда қарау туралы шешімді тараптар қабылдап, келісімін береді. Бұл рет-

те бұрын берілген келісім ол туралы өтінішхат беру арқылы кері қайтарып алынуы мүмкін. Егер бұл істі дұрыс шешу үшін қажет болса, сот өз қалауы бойынша ауызша талқылауға көшуге құқылы.

Сот жеке процестік әрекетті жасау немесе процестік мәселені шешу үшін ауызша сот отырысын тағайындауы мүмкін. Қажетті ауызша сот талқылауын өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру жалғасады. Бұл кез келген уақытта жазбаша іс жүргізуден ауызша сот өндірісіне өтуге немесе қажет болған жағдайда ауызша сот ісін жүргізуде мәселелерді шешуге және жазбаша іс жүргізуге қайта оралуға мүмкіндік береді. Сот өтінішхаттар мен құжаттарды ұсынуға болатын мерзімді тағайындайды, сондай-ақ қажетті ақпарат пен дәлелдемелерді жазбаша нысанда ұсынуды талап ете алады. Сот тараптар ұсынған және өз бастамасы бойынша талап етілген дәлелдемелерді зерттейді және олар бойынша шешім қабылдайды.

Талапкер өз уәждерін талап қоюда жазбаша түрде, ал жауапкер өз қарсылығын талапқа қарсы пікірінде баяндайтынын, барлық дәлелдемелер мен басқа да мәліметтер жазбаша түрде де ұсынылуы мүмкін екенін ескере отырып, меніңше, кез келген дау жазбаша талқылауда қаралып, шешілуге жатады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, тараптар талапты мойындайтын немесе жауапкер дауды шешуді соттың қарауына қалдыратын даусыз талаптар бойынша ғана жазбаша іс жүргізуге келіседі.

Мәселен, статистикалық есепке жүгінетін болсақ, 2024 жылы қаңтар-қыркүйек айлары аралығында Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотымен барлығы 228 шешім шығарылса, оның 54,8% жазбаша іс жүргізуде шығарылған. Жалпы әлемдегі тәжірибеге, оның ішінде герман құқығына сүйенсек, жазбаша талқылауды әкімшілік әділеттің болашағы деп санауға болады. Қазіргі таңда әкімшілік іс жүргізу, оның ішінде жазбаша талқылау біздің еліміз үшін жаңа институт болып табылады, болашақта бірінші сатыдағы соттар барлық істерді жазбаша қарауға келеді деген үміттемін.

• ПІКІР

## ҚАЗҰУ ҚАУІПСІЗ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҰМТЫЛУДА

**Ел Президенті биылғы жолдауында болашақтағы өсу мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге тиіс экономикадағы ғаламдық өзгерістер туралы айтты. Онда қаржылық тұрақтылықты нығайтуға және экономикалық өсуді ынталандыруға бағытталған сындарлы ұсыныстар баяндалған. Ұсынылған шараларды жүзеге асыру бүгінгі проблемаларды шешуге және Қазақстанның болашақ дамуы үшін тұрақты негіз жасауға көмектеседі.**

«Президент жолдауын жастар терең толғаныспен қабыл алды және іске асыруға құлшына кірісуде, ҚазҰУ студенттері саяси және қоғамдық өмірге белсенді қатысуға тиіс», – деп атап көрсетті ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Цифрландыру мен жасанды интеллект технологиясын дамыту жолдауда айрықша атап өтілген. ҚазҰУ бұл заманауи мәселелерде алдыңғы орындарда. «Жасанды интеллект кафедрасы мен Big Data» табысты жұмыс жасайды, барлық факультеттердің білім беру бағдарламаларына жасанды интелектімен байланысты пәндер енгізілген. Сондай-ақ университетте болашақ ұрпақ үшін заманауи инфрақұрылымды жасау жолында жұмыстар жүргізілуде. ҚазҰУ инфрақұрылымы ұдайы жалғасуда, жаңа жатақханалар, оқу корпустарын және әкімшілік ғимараттарын салу көзделіп отыр. Университетті жаңғырту жобасы оның аумағына тығыз құрылыс салуды қарастырып отыр. Farabi HUB ғимаратында ішкі құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Жоғары технологиялық жобалардың инновациялық даму және азық-түлік орталығының жалпы алаңы 5000 шаршы метрді құрайды. Мұнда ғылыми-зерттеу жобалары үшін танымал шетел компанияларының орталықтары, зертханалар, аудиториялар, баспасөз залдары, демалыс аймақтары, көрме залдары және асханалар орналасатын болады.

Quasquarelli Symonds (QS) беделді халықаралық рейтингтік агенттігі жүргізген тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «5 жұлдыз» «QS StarsRatingSystem» халықаралық рейтингінде жоғары бағаға ие болды және

«5 жұлдыз» артықшылығын алған Орталық Азия өңіріндегі бірден-бір жоғары оқу орнына айналды. Бұл ҚазҰУ-дың халықаралық беделінің жоғары және ғаламдық ғылым-білім кеңістігінде көшбасшылық орында екендігін көрсетті. Артықшылық жұлдызы университеттің күшті тұсын жіліктеп берді, жоғары оқу орнының жетістіктерін байқатты.

ҚазҰУ 200 үздік университет қатарына енген Қазақстан мен Орта Азияның жалғыз оқу ошағы болып табылады. Өткен оқу жылымен салыстырғанда академиялық деңгей мен жұмыс берушілер арасында түлектерге деген қажеттілік бойынша біршама ілгері жылжыды. Сонымен қатар университет оқытушылар мен студенттердің ара-қатынасы, студенттер саны, халықаралық зерттеу желісі, тұрақты даму көрсеткіштері жөнінен де үлкен жетістіктерге жетті.

Өткен оқу жылында ҚазҰУ-да кешенді құрылымдық жаңғырту жүргізілгендігін, бірлескен халықаралық зертханалар ашылғандығын атап өткен абзал. Халықаралық деңгейде тіркелген сынақтық білім бағдарламалары жоғары стандарттарға сәйкес әзірленді. Мемлекет басшысының жолдауында 23 шетел оқу орны филиалдарының ашылғандығы атап өтілді. Олардың екеуі біздің университетте ашылды. Атап айтқанда, «МИФИ» Ұлттық ядролық зерттеу университетінің және Сиань Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің филиалдары. Бұдан бұрын Ыстамбұл мен Бишкекте ҚазҰУ филиалдары ашылған болатын.

Жолдауда белгіленген негізгі міндеттің бірі «Құқықбұзушылықтың алдын алу туралы» жаңа заңды әзірлеу және енгізу болып табылады. ҚазҰУ заң фа-

культетінің мамандары мемлекеттің құқықтық жүйесін дамыту үшін қыруар істер атқаруда. Университет зерттеу орталықтары талдау жұмысын жүргізуде және құқық бұзушылықтың алдын алу мен құқық тәртібін жақсарту үшін Президент жолдауының мақсаттарына сай келетін инновациялық шешімдерді ұсынууда. ҚазҰУ қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған қоғамдық бастамалармен белсенді шұғылдандуда, құқық қорғау мәселелері бойынша шараларды ұйымдастыруда. Бұл оқытушылар мен студенттер арасында құқықтық қырағылықтың қалыптасуына ықпал етеді. ҚазҰУ құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған әлеуметтік және білім беру жобаларын әзірлеуге белсенді қатысуда. Университет сондай-ақ құқыққорғау органдарымен және қоғамдық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық жасап келеді және қауіпсіз, құқықтық органы жасауға ұмтылып келеді.

ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы жолдау идеяларының жүзеге асыруға қомақты үлес қосуда. Мемлекет басшысы ұлт саулығы үшін бұқаралық спорт пен жастарды тәрбиелеу ісін де назардан тыс қалдырған жоқ. Университет тарихында дене шынықтыру мен спорттың тұлғаның қалыптасуы мен дамуында, өмірдің сан қилы калтарыстарына бейімделуде, жастарды әлеуметтік белсенділікке тәрбиелеуде, жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруде және салауатты өмір салтын қалыптастыруда әрдайым маңызды рөл атқарып келе жатқандығын қадап айтқан жөн.

**Ольга ЛОЖНИКОВА,**  
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы төрағасының орынбасары**  
**Серікқали ТЫНЫБЕКОВ,**  
**з.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің профессоры**

• КИЕ



## ТІЛ – ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын дамыту – ел болашағы үшін аса маңызды мәселенің бірі. Тіл – ұлттың мәдениеті мен дәстүрінің айнасы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетін рухани байлығы. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде елдің барлық азаматтары үшін ортақ құндылық болып табылады. Сондықтан оның қолданыс аясын кеңейту – қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды қадам.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту үшін бірнеше негізгі бағыттарда жұмыс жасау қажет.

Біріншіден, білім беру жүйесінде қазақ тілінің рөлін күшейту маңызды. Бұл – қазақ тілінде сапалы білім берудің артуы арқылы жүзеге асатын үрдіс. Білім беру бағдарламаларында қазақ тілінде оқытуды нығайту, жаңа әдістемелер мен технологияларды қолдану тілді меңгерудің деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Екіншіден, мемлекеттік қызмет пен қоғамның әртүрлі салаларында қазақ тілін қолдануды белсенді жүзеге асыру қажет. Бұл үшін мемлекеттік мекемелерде құжаттарды қазақ тілінде жүргізуді қатаң талап ету, мемлекеттік қызметкерлерге қазақ тілін үйренуге жағдай жасау секілді шаралар қолға алынуы тиіс. Сонымен қатар, бизнес және мәдениет салаларында қазақ тілінің қолданылуын арттыру арқылы қазақ тілін күнделікті өмірде кеңінен қолдану мәдениетін қалыптастыруға болады.

Үшіншіден, бұқаралық ақпарат құралдары мен интернеттегі қазақ тіліндегі контенттің сапасын арттыру керек. Көпшілік арасында танымал әлеуметтік желілер мен веб-сайттарда қазақ тілінде мазмұнды, қызықты және сапалы ақпараттың көптеп жариялануы – мемлекеттік тілге деген қызығушылықты оятудың тиімді жолы. Медиа саласының өкілдері мен блогерлер қазақ тілін қолдану арқылы оның дамуына үлес қоса алады.

Сондай-ақ, қоғамда мемлекеттік тілдің маңыздылығын түсіндіру, қазақ тілін үйренуге ынталандыру маңызды. Қазақ тілін білу тек қазақ ұлты үшін ғана емес, Қазақстанның әрбір азаматы үшін қажет екендігі туралы түсінікті нығайту қажет. Бұл бағытта түрлі іс-шаралар, конференциялар, форумдар мен мәдени шаралар өткізу арқылы халықты жұмылдыруға болады.

Қорытындылай келе, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын дамыту – елдің тұтастығын нығайтып, ұлттың рухани байлығын сақтайды. Қазақ тілін дамытуға баршамыз жауаптымыз, әр азамат бұл іске өз үлесін қосуға міндетті. Тек бірлесе отырып, біз тіліміздің мәртебесін көтеріп, болашақ ұрпаққа асыл мұрамызды жеткізе аламыз.

**А.МҰҚАНОВА,**  
**Орал қаласы №2 соты әкімшісінің бас маманы**



## ТАРАТУ

2. «Техэксперт Инжиниринг» ЖШС (БСН 161240025541) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Деркүл кенты, Латышская көшесі, 21-үй.

7. «Асар-КЗ» ЖШС (БСН 190340019355) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Текелі қаласы, Жеңіс көшесі, 16-үй, 27-пәтер, тел. 87778426888.

8. «Серпер Сауда и К» ЖШС (БСН 180640027523) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, Абай көшесі, 34.

10. «Green Veg» ЖШС (БСН 210340029011) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 100300, Балқаш қаласы, Қоңырат, Балхашская көшесі, 24/1 үй, тел. 87079836970.

11. «Моментальные займы» ЖШС (БСН 160840013666) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 100300, Балқаш қаласы, Абай көшесі, 37-үй, тел. 87079836970.

12. «Bonanza Sweet» ЖШС (БСН 221240026830) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 101100, Приозерск қаласы, Сарыарқа көшесі, 1-үй, тел. 87079836970.

13. «Кай-Жигер» ЖШС (БСН 220740010681) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Бұхар жырау даңғылы 53А құрылысы, н.п. 5с.

14. «ГАУ КЗ» ЖШС (БСН 220940036266) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Воин-Интернационалист көшесі, 31-құрылыс, №413-кеңсе.

16. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның білім бөлімі» КММ «Еркін Әуелбеков атындағы Жаңасу бастауыш мектебі» КММ (БСН 991240000033) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде ҚР, СҚО, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы, Жаңасу ауылы, Школьная көшесі, 7 А, телефон 87153522609 мекенжайында қабылданады.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның білім бөлімі» КММ «Сарыадыр негізгі мектебі» КММ (БСН 991240005004) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде ҚР, СҚО, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы, Сарыадыр ауылы, Сарыадыр көшесі, 23, телефон 87153522609 мекенжайында қабылданады.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның білім бөлімі» КММ «Боровской бастауыш мектебі» КММ (БСН 021240003126) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде РҚ, СҚО, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы, Возвышенка ауылдық округі, Чернозубовка ауылы, Мир көшесі, 1, телефон 87153522609 мекенжайында қабылданады.

18. «ProfSolutions» ЖШС (БСН 230440024912) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, М. Нәрікбаев көшесі, 10-үй, 22-пәтер, тел. 87007175589.

19. «Микрофинансовая организация «Центрофинанс Казахстан» ЖШС (БСН 200140020039) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Өскемен қаласы, Айналмалы шоссесі, 11/7 ғимарат, info@centrofinans.kz.

24. «Аскар&Компания» ЖШС (БСН 180740007225) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Ақыртөбе ауылы, Жуманбаев көшесі, 11-үй, тел. 87064249798.

25. «Караван-12» ЖШС (БСН 191040015493) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 3а-8-15, тел. 87014914249.

## МҰРАҒЕРЛІК

3. 2024 жылдың 1 қыркүйегінде Жумадил Гибараттың қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 41Б ғимарат, 210-211-кабинет, нотариус Е.Б.Бекқожаевқа хабарлассын. Тел. 87071624991, 87781624993.

4. 08.04.2024 жылы қайтыс болған Алпысбайқызы Камшаттың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

5. 17.11.2023 жылы қайтыс болған Махантаев Базарбайдың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

17. 2024 жылдың 24 сәуірінде қайтыс болған азамат Жақыпбаев Қайырбек Түрікпенбайұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 3-үй мекенжайы бойынша нотариус Жулдыбаева Акманат Рыспековнаға хабарласуларын сұраймыз.

## БАПҚРОТТЫҚ

30. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымымен «ТОО Хаят Баракат» (БСН 131140010178) банкроттық туралы іс қозғалды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Ұлжан-2 шағын ауданы, Бертайқызы көшесі, 23.

## ЯВОГАЛУ

31. «Сәлделі ата» ЖШС (БСН 001040006368) 2000 жылдың 12 қазанында Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 1413-1958-ЖШС болып тіркелген заңды тұлғаның жарғысының жоғалып кетуіне байланысты жарамсыз деп танылсын.

## ӘРТУРАШ

6. Қатысушылардың жалпы жиналысының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі шешімімен «ТРЭМ Қазақстан» ЖШС жарғылық капиталын, БСН 150340012955, 450 000 теңгеге дейін азайту туралы шешім қабылданды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Желаетов ауылы, Промышленная зона, 10-үй.

9. «АгроЛиндерТан» ЖШС (БСН 170740029224) жарғылық капиталының 66 666 015,81 мың теңгеге азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Саяхат көшесі, 28/20.

15. «Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 070940020128, Ақмола облысы әкімдігінің 29.11.2024 жылғы № А-12/550 қаулысы негізінде «Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 6.

20. БҚО, Бөкей ордасы аудандық сотында (судья Шингалиев М.Э.) БҚО, Теректі ауданы, Подстепное ауылы, Пугачева көшесі, 7 үй тұрғыны, азаматша Чурина Эльмира Шмитовнаның (байл.тел. 87750471150) арызы бойынша, 05.02.1950 ж.туған Бегалиев Рафхатты қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Егер Бегалиев Рафхаттың жүрген жері туралы мәліметтер болса, осы хабарландыру шыққан күннен бастап 3 айдың ішінде, БҚО, Бөкей ордасы аудандық сотына хабарлауыңыз сұралады. Бегалиев Рафхаттың туған жері: БҚО, Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы.

21. «Digitalism» (Диджитализм)ЖШС-і, БСН 080340009850, өзіне «Talantarium» ЖШС, БСН 150940002880 және «TERRA CONSULTING» ЖШС, БСН 181040000896 қосу жолымен өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Төттімбет көшесі, 390-үй, пошта индексі 050020.

22. «Talantarium» ЖШС, БСН 150940002880, «TERRA CONSULTING» ЖШС-мен, БСН 181040000896, «Digitalism» ЖШС-мен (Диджитализм), БСН 080340009850 қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажы Мұқан көшесі, 22/5-үй, пошта индексі 050059.

23. «TERRA CONSULTING» ЖШС, БСН 181040000896, «Talantarium» ЖШС-мен, БСН 150940002880 «Digitalism» ЖШС-мен (Диджитализм), БСН 080340009850 қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажы Мұқан көшесі, 22/5 үй, пошта индексі 050059.

26. 2024 жылғы 1 қазаннан бастап «QAZAQ COLLECTOR» коллекторлық агенттігі ЖШС (БСН 160240033490) алдында проблемалық берешегі бар жеке тұлғалардың кез келген уақытта міндеттемелерді орындау шарттарын өзгертуге өтініш беруге құқығы бар екенін хабарлайды, бұл үшін борышкер міндеттемелерді орындамау себебін, сондай-ақ өз нұскаларын көрсете отырып, тиісті өтінішпен «Qazaq Collector» коллекторлық агенттігі ЖШС-не жүгінуі қажет берешекті реттеу. Өтінішке міндетті түрде кірістердің төмендегенін және өз міндеттемелерін орындай алмайтындығын куәландыратын растайтын құжаттар қоса берілуі керек.

Кірістердің төмендеуін және өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігін растайтын бастапқы құжаттар:

- Жеке несие есебі;
- Соңғы 12 айдағы зейнетақы аударымдары туралы анықтама;
- «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы заңының 68-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының әлеуметтік осал азаматтарының тобына жатқызу туралы анықтама (осы мәртебе берілген кезде);
- Мүлктің жоқ / бар екендігі туралы анықтама.

Өтініштер келесі электрондық поштаға: info@qazaqcollector.kz, немесе Алматы қаласы, «VERUM» БО, Мыңбаев көшесі, 151, 5-кабат, 62-кабинетте орналасқан «Qazaq Collector» коллекторлық агенттігі ЖШС кеңсесінде қабылданады.

Сұрақтар туындаған кезде келесі нөмірлерге қоңырау шалуыңызды сұраймыз: +7 705 957 53 06, +7 705 957 53 08, +7 705 957 53 10.

27. «Ақлым-1» ЖШС (БСН: 990440004526) өз қатысушыларына кезектен тыс жалпы жиналыс өткізу туралы хабардар етеді. Жалпы жиналыс Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Күншалған а / о, Күншалған ауылы, МТМ ғимараты мекенжайы бойынша өткізіледі. Жалпы жиналысты өткізу уақыты: 2024 жылғы «11» қараша; 12 сағат 00 минут.

### КҮН ТӨРТБІ:

2024 жылғы 5 ақпандағы №14 бидайды сатып алу-сату шартының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында «Юркино KZ» ЖШС-не Ақмола облысы Ерейментау ауданы Күншалған ауылдық округінің әкімшілік шекараларында орналасқан жалпы ауданы 2110 га, кадастрлық нөмірі 01-006-016-315 жер учаскесін кепілге уақытша ақылы негізде ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын беру.

28. «Восток Кредит 24» Микрофинансовая организация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 181140010048) «Микрофинансовая организация «MOST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып, атауының өзгергені туралы хабарлайды. Банктік шоттың деректемелері өзгеріссіз қалады.

29. «Восток Кредит 24» Микрофинансовая организация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 210741000915) Өскемен қаласындағы филиал «Микрофинансовая организация «MOST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып, атауының өзгергені және банк деректемелерінің өзгергені туралы хабарлайды.

## Баспасөз – 2025

# Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

## Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

## Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency Kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@gmail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PR» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилева Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі,27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаяева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772265606.



• БАЙҚАУҒА!

*(Жалғасы.*  
*Басы өткен №76, 77 сандарда)*  
— Бір Тәңірі жар болсын, апа! Мен білмедім. Жүріңіз, ауруханаға жеткізейін.

Абылай кейуананы алып, ауруханаға келді. Дәрігермен тілдесті.

— Жағдайы өте ауыр... бас сүйегі қатты зақымданған, сөйлей алмайды, бел омыртқасы сынған, төменгі жағында жан жоқ, — деді дәрігер...

«Өттеген-ай! Жітіпң ұшы қолыма ілінді ме деп едім... — деді ауруханадан шыққасын күбірлеп. Басын шайқап қойды. — Аман болсын, әйтеуір. Кеше мен бері шыққанда апаға ұшыраған екен ғой»...

\* \* \*

Абылайда ұйқы жоқ.  
«Гераны қайдан табам? — деп күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалды. Еш ілік жоқ. Бастықтың сенімінен шыға алмай ұятқа қалмасам болар еді». Қылмыскер нақ сол сияктана береді. Жыңғылдыңныц полициялары Гераның ауылда болмағанына үш ай болды, кемпірді өлтірген көршісі дейді. Дәу де болса бұл Гераның ісі. Гера Жыңғылдыдағы әріптестері айтқандай ауылдан кеткеніне үш ай болмаған, жақында келіп кеткен. Қарлығаш сөйдеп тұр. 9 мамыр күні ауылда болған, ал, ертеңіне 10 мамыр күні жоқ. Неге ол дәл сол күні, қылмыс болған күннің ертесіне ғайып болады?! Сан-сапалақ ой Абылайдың шақшадай басын шарадай қылды.

Кешкі асын ішті де, диванға қисайып, теледидарды қосты. Көзі экранда болғанымен, ойы шартарапты шарлап кеткен. Осы өткен жолы Қарлығаш Гераны «Аралға кетті» деді із, телефонмен Құтжанов Тапашка «мореге барам деп айтты» — деді. Осыны ойлағаны сол екен, басын қалт көтеріп алды. «Море!? Море!? — деді әлдебір жұмбақты шеше алмай, қиналған жанша басын шайқап-шайқап жіберіп. — Море дегені теңіз емес, море дегені афганец Сымағұл ғой!» — деді дауысы шығып кетіп.

Сонау сексенінші жылдары Аралдың суы тартылып, экологиялық жағдай нашарлап, кейін тоқсаныншы жылдары Кеңес үкіметі тарап, өндіріс орындары, балық зауыттары жабылып, жұрт жаппай сыртқа үdere көшіп жатты. Сол кезде Аршалы, Жыңғылды ауданынан бірталай отбасы Шымкентке, Таразға көшкен. Аршалы, Жыңғылды аудандарынан қоныс аударғандардың ішінен шыққан криминалды авторитет, криминалды ортаның серкесі лақап аты Море деген жігіттің бар екенін Абылай білетін. Кезінде Абылай бұл жігітті терең зерттеген. Ауған соғысына қатысқан, бір-екі рет істі болып, отырып келген. Қылмыс әлемінде Море атанып кеткен Сымағұл Темірболатов жаратылысында батыл және әділ жігіт деп еститін. Ана жакқа да әлдебір жалақорлардың жаласымен отырып келгенінен хабардар. Море қылмыс әлемінде әділдігімен үлкен беделге ие, қаладағы бүкіл қылмыстық іс бұның назарында, ашса алақанында, жұмса жұдырығында. Темір тордың арғы жағындағы элеммен де тығыз байланыста. Оларға азық-түлік, қаржылай көмек те ұйымдастырып тұрады. Басына іс түскен азаматтар осында келіп, Морені паналайды. Море қазір Таразда тұрады. Яғни, Гера осы Сымағұл-Мореге кеткен...

— Тараздан... Тараздан іздеу керек Гераны! — деді Абылай өзіне өзі.

\* \* \*

Облыстық ішкі істер департаментті криминалды полиция басқармасының бес қызметкері Тараз қаласына жедел жол тартты. Топ бастығы — полиция подполковнигі Абылай Қайсенов. Топ құрамында жедел уәкілдер — Нұралы Алдажаров, Жақсыбай Сұлтанов, Нұрлыбай Ахметқалиев, Әлімжан Ақпанов бар. Нұралы полиция майоры да, қалған үшеуі капитан.

Жеңіл машина «Батыс Қытай — Батыс Еуропа» автожолына түсіп алғасын, жол симфониясының бірқалыпты әуеніне басып зулап келеді. Жігіттер әрқайсысы өз ойларымен болып кеткен. Абылай қызы Еркеназды ойлап келеді. Көбіне осындай сапарларда болады, үйде болатын кезі сирек. Кенжесі Еркеназ «Папа, сен неге жұмыс, жұмыс деп үнемі кетіп қала бересің, Қасым келсе екеуің балыққа барасыздар,

бізді ешқайда апармайсың, осы демалыста маман үшеуіміз дарияға барайықшы», — деген. Қызының сөзін еске алып езу тартып қойды. Өткен жазда Қасым қани-кулға келгенде екеуі көлге барып, қармақ салған. Соны айтып отыр. Тоғызыншы сынып оқыса да еркелігі қалмаған. Ұлдары Медғат пен Қасым азамат болды, енді осы Еркеназын мектеп бітіртіп, оқуға түсіріп жіберсе. Астанада тұратын әкесі мен анасына да бармағалы біраз бопты. Қариялардың да жағдайын біліп қайту керек еді, бірақ оған уақыт қайда? Анда-санда телефонмен хабарласып, амандығын сұрайды, әкесі сыр бермегенімен, анасы өкпелейтіндей. Өйтетін

де жөні бар, бір жылдай болыпты ат ізін салмағалы. Келіншегі Айғаншаға «Балаларды ертіп, сен барып қайтсайшы», — десе, ол да жұмыстан шыға алмайды. «Ай, дәрігерлердің жұмысы да ауыр-ау!» — деп күлген. Келіншегінің арманы үй салу, «Қашанғы сенің мына үш бөлме пәтерінде тұрамыз, үй салайық та жұрт қатарлы, балалар да өсіп келеді», — деп кейде мұның құлағын қажайтыны бар. «Саламыз, жаным, амандық болса саламыз, асықпа!» — деп жұбатады бұл. Тәтті ойлармен келе жатып байқамапты, Түркістанға келіп қалыпты. «Аяқ созып аламыз ба?» — деген шопырдың дауысы ойын бұзды.

— Иә, қалаға кір, бір-екі шынаяқ шай ішіп, жүрек жалғап алайық, — деді Абылай...

\* \* \*

Таразға қас қарайып, көз байланып қалған мезгілде жетті.

Ертеңіне білді, қаланың шеттегі шағын ауданы түгелімен жыңғылдылықтар екен. Бірақ бұлардың арасынан Морені таба алса жақсы. Море әлдеқашан жағдайын жасап, қаланың элиталық орталығынан жай тапқан болар. Дегенмен оны білетіндер осы ауданнан шығарасып қалуы да мүмкін. Әй, бірақ кедей-кепшік не білсін, оны табу үшін қылмыстық ортаға кірген жөн. Сондықтан сақтық керек.

Осы мақсатпен бұлар өздерінің кәсіби формаларын тастап, азаматтық киіммен шыққан. Мәшинеді қос оксауытымен екі «АК-76» автоматты мылтық, қолтыққа таққан тапаншалары бар. Бәрі бір жерге түспеді, Абылайдың айтуымен екіге бөлінді, Нұрлыбай мен Әлімжан, Нұралы үшеуі қонақүйге орналасты, Абылай, Жақсыбай екеуі пәтер жалдады. Қалаға саудамен, коммерциямен келген адамдардың кейпіне енді.

Тараз қаласында криминогендік ахуал өте күрделі. Дәл бұлар келер қарсаңында бұл ахуал тіпті өршіп тұрған. Бұлар барардан екі күн бұрын Тараз қалалық криминалды полиция басқармасы бастығының орынбасарын түнде өз үйінің алдында атып кеткен.

Облыстық ішкі істер басқармасына, өздерінің әріптестеріне жағдай айтып, көмек сұраса, әрине, олар қолдарынан келгенін аямас еді. Бірақ бұлардың осында келгенін тірі жан білмеу керек. Сыртқа ақпарат шығып кетуі ықтимал. Полицияның арасында да қылмыстық ортаға қатысы бар адамдар болмай қалмайды. Сондықтан не болса да Морені өздері іздеу керек деп шешті.

\* \* \*

Бұлар екі топқа бөлініп, іске кірісті. Нұрлыбай, Нұралы, Әлімжан үшеуі базарларды, вокзалдарды аралады, бұлар негізі Гера Маратты іздеді, қалталарында оның суреті бар. Бірақ базардан таппады. Абылай мен Жорик екеуінің көздегені — Море. Түнде шығып, көпшілік жиналатын орындарды аралады, қылмыс әлемі серкелері болады деген жерлерді жағалады. Мейрамханалар мен казиноларды сүзіп шықты. Бірақ Море жоқ. Ұшты-күйлі. Сөйтіп жүргенде үш-төрт күн өтіп кетті.

Тараз қаласында халық ең көп шоғырланатын жер — көк базар. Жігіттер үш-төрт күн бойы Гера Мараттың суретін көрсетіп, базардағы кісілерден сұрастырып іздестірді. Нұрлыбай мен Әлімжан

базарларды аралап жүрсе, Абылай мен Жорик кылмыс әлемінің жігіттерімен жұмыс істеп жатты, бірақ Гераның ізі шықпады.

Келгеніне бір апта болды. Базарларды аралап жүргенде Абылайдың байқағаны әр екі-үш күнде қылмыс әлемі серкелерінің базарды аралап кететіні байқалды. Алғашқы кездері бұл жігіттер салық комитетінің жігіттері ме әлде мына базардың иелері ме деп ойлаған. Байқап қараса олай емес екен, яғни, бұлар қылмыс әлемінің сарбаздары, өздеріне тиесілі салықтарын жинап алып кетеді. Ірі денелі, спортшы жігіттер, түр-тұлғасынан, жүріс-тұрысынан, сөз саптауынан, мініп келген шетелдік көліктерінен Абылай бұл жігіттердің тегін емесін аңғарды. Сырттай бақылап жүрді, әлгі жігіттер әр саудагердің қасына барып, тиісті

уақытында «Миллениум» деп аталатын казиноға келді.

Екі жігіт сыртта, көлікте қалды да, Абылай мен Жорик казиноға кірді. Абылай өзінің жылдар бойы қалыптасқан әдет-дағдысымен әрбір қуыс-қалтарысты, әрбір адамды, олардың әрекетін бір сәтте жіті бақылап шықты. Казиноның үлкен залында оншақты үстелде, неше алуан ойындар, ойыншылар. Үш-төрт ірі денелі жігіт елеусіздеу ғана бұларды бақылап тұр. «Моренің оққағарлары болар» деп ойлады Абылай. Море көпшілік ойын болатын жерде емес, бөлек виб-кабинада отыратыны белгілі. Казиноның кіреберісінде бұларды еңгезердей бір жігіт күтіп алып, екінші қабаттағы қалталы, маңғаз клиенттерге арналған вибкабинаға алып келді. Вибкабинаға кіргенде поккер ойын үстелінде орта

салғышқа шылымының күлін түсірді. Сосын бұларға қарап:

— Жігіттер, Жыңғылдыдағы жағдай-дан хабарым бар. Бірақ мен сендерді сол шаруамен жүр деп ойламап едім. Сенің іздеп жүргенің бұл жерде жоқ. Іздеп әуре болмаңдар. Бұл жерге сендердің тәртіптерің жүрмейді, әр жердің өз заңы, өз тәртібі бар. Рас, ол осында болған, бірақ бізде ондай хайуан адам жүрмейді, оған жолыңды тап дегенбіз. Ал, енді қайтыңдар! Жедел қайтқандарың дұрыс. Бұл Қызылорда емес, бұл жақтың өз заңы бар, — деді Море. Сосын әңгіме осымен тамам дегендей алдындағы мұз салған виски құйылған рөмкені қолына алды.

Абылай мен Жорик те рөмкелерін көтерді...

Екеуі сыртқа шыққанда көше шамдары самаладай жарқырап тұрды. Бұлар-

# БЕС МИЛЛИОНДЫҚ КЕМПІР



дың мәшинесін төрт-бес жігіт қоршап тұр екен, бәрінің де қарулы екені байқалады. Абылай олардың жанынан өтіп бара жатып оң жақ қапталдағы дөңгелек жүзді, орта бойлы, кең мықты жігітке көзі түсті, жүзі таныс сияқты, ол да бұны таныған секілді. Бірақ екеуі де бір-біріне тіл қатпады. Танымаған сынай білдірді. «Жорик, оң жақ қапталымыздағы орта бойлы, жауырынды жігітті есіне сақта!»—деді Абылай мәшине есігін жапқан соң.

Моренің жігіттері бұларды көздерімен ұзатып салды.

\* \* \*

Тараздан қылмыскердің өзі табылмағанымен ол туралы деректер толықты. Моренің сөзінің сынайына қарағанда ол Алматыда болу керек. Яғни, ендігі жұмыс — Гера Мараттың Алматыда кімге баратынын анықтау керек. Із кесу жалғасты. Бірақ Гера жер жұтқандай, хабар-ошарсыз зым-зия. Бұл кезде Жыңғылды аудандық ішкі істер бөлімінен бастап, облыстық ішкі істер департаменті, қалалық, аудандық ішкі істер бөлімдерінде де ауқымды іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатқан-ды. Барлық ішкі істер органдарына қылмыскер туралы деректер мен сипаттамасы жіберілді. «Қалмұратов Марат 1970 жылы туған. Жыңғылды ауданы, Тарөзек кентінің тұрғыны, Ұзын бойлы, 180 см, мығым денелі, грек-рим күресімен айналысқан. Атжақты, қараторы жігіт, қылмыс әлеміндегі, лақап аты — Гера Марат. Өз қатарының арасында беделді. Қылмыскер қаруланған болуы мүмкін», — деген хабарлама барлық ішкі істер бөлімдеріне жолданды...

Бүгін де Абылай кеш келді, әйелі Айғанша тұрып, қарсы алды.

— Негып кешіктің, тағы бірдене болды ма, тамақты ысытайын, — деді отағасына бәйек болып.

— Жоқ, жаным, ысытпай-ақ қой, сағат екі болыпты, демалайық, — деді Абылай.

Шешініп, беті-қолын шайып, төсекке қисайды. Шаршап келсе де ұйықтай алмады. «Қалайша, осы уақытқа дейін жіптің ұшын ұстай алмай жүр?! Жер жұтқандай ғайып болып кеткен неткен адам! Море оны «Тараздан іздеме» деді-ау, ә. Қалай болар екен?! Нақты бағыт-бағдар болмаса... Бірақ қалайда оны табу керек» Сан-сапалақ ойлармен жатып көзі ілініп кетіпті. Қалтапонының безілдегенінен ояңды. Оятқыш па деп қалып еді, жоқ қонырау екен, таң атып қалыпты. Қалтапонын алып қарап әлі, қонырау аты-жөні жоқ, белгісіз нөмірден келіп тұр.

— Сәлем! — деді телефондағы бейтаныс әйел дауысы.

Таудан аққан бұлақтың сылдырындай сүйкімді, нәзік дауыс, дереу ұйқысын ашып, серкектігін тапты.

— Гуля, иә...

— Мен сенің Гуляң емеспін! — Сүйкімді, нәзік дауыс қатайып шыға келді. — Мені тыңдап ал, сен іздеп жүрген Гера Ташкентте.

— Сіз кімсіз?

— Менің кім екенім маңызды емес, Саған Кипа әзілем айтты. Жаксы! Сау бол.

Осылай деді де, қалтапонын өшіре салды...

**Тұрақ АДИСҰЛЫ**  
**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ,**  
**ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ.**  
*(Жалғасы бар)*

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали  
8 707 851 91 13.  
**Алматы** Нұрбол Әлдібаев  
**облысы** 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе** Жансая Есмағанбетова  
**облысы** 8 705 398 62 83.  
**Атырау** Боранбай Ғалиев  
**облысы** 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау** Жазира Әбіл  
**облысы** 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда** Гүлбану Мақажан  
**облысы** 8 701 697 39 86.  
**Түркістан** Сейітхан Құлмаханбетов  
**облысы** 8 707 721 19 59.  
Шадиір Мекенбайұлы  
87757335665  
**Батыс** Нұрлыбек  
**Қазақстан** Рахманов  
**облысы** 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail:** [zanreklamaastana@mail.ru](mailto:zanreklamaastana@mail.ru)

«Заң газеті» аптасына 2 рет —  
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 5066 дана**  
**Апталық таралым 10 132 дана**

Тапсырыс №105 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31